

**"Ақмола облысындағы меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № А-13/598 қаулысына және Ақмола облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 5С-8-6 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақмола облысы әкімдігінің 2019 жылғы 21 маусымдағы № А-6/291 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 2019 жылғы 21 маусымдағы № 6С-35-8 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 шілдеде № 7269 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Ақмола облысындағы меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № А-13/598 қаулысына және Ақмола облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 5С-8-6 шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3596 болып тіркелген, 2013 жылғы 15 қаңтарда "Арқа ажары" және "Ақмолинская правда" газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген әкімдік қаулысының және мәслихат шешімінің қосымшасы осы әкімдік қаулысының және мәслихат шешімінің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Ақмола облысы әкімдігінің қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының шешімі Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының әкімі*

*Е.Маржықпаев*

*Ақмола облыстық  
мәслихаты сессиясының  
төрағасы*

*А.Гусев*

*Ақмола облыстық  
мәслихатының хатшысы*

*Ә.Баймағамбетов*

Ақмола облысы әкімдігінің  
2019 жылғы 21 маусымдағы  
№ А-6/291 қаулысына және  
Ақмола облыстық  
мәслихатының

2019 жылғы 21 маусымдағы  
 № 6С-35-8 шешіміне қосымша  
 Ақмола облысы әкімдігінің  
 2012 жылғы 7 желтоқсандағы  
 № А-13/598 қаулысына және  
 Ақмола облыстық  
 мәслихатының  
 2012 жылғы 7 желтоқсандағы  
 № 5С-8-6 шешіміне қосымша

**Ақмола облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері**

(гектармен)

№	Қалалар мен аудандардың атауы	Ақмола облысында бір әкімшілік ауданның (қаланың) шегінде меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері			
		шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының азаматына (ортақ үлестік меншік құқығының қатысушыларына (мүшелеріне) қолданылмайды)	ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасына және оның аффилиирленген тұлғаларына (ортақ үлестік меншік құқығының қатысушыларына (мүшелеріне) қолданылмайды)	барлығы	оның ішінде суаруға
1	2	3	4	5	6
		барлығы	оның ішінде суаруға	барлығы	оның ішінде суаруға
1.	Ақкөл	10	1	20	1
2.	Аршалы	20	1	30	1
3.	Астрахан	10	1	20	1
4.	Атбасар	10	1	20	1
5.	Бұланды	10	1	20	1
6.	Бурабай	20	1	30	1
7.	Егіндікөл	10	1	20	1
8.	Біржан сал	10	1	20	1
9.	Ерейментау	10	1	20	1
10.	Есіл	10	1	20	1
11.	Жақсы	10	1	20	1
12.	Жарқайың	10	1	20	1
13.	Зеренді	20	1	30	1
14.	Қорғалжын	10	1	20	1

15	Сандықтау	10	1	20	1
16	Целиноград	20	1	30	1
17	Шортанды	20	1	30	1
18	Көкшетау қаласы	20	1	30	1
19	Степногорск қаласы	10	1	20	1

**кестенің жалғасы:**

шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға жалдау шарттарымен ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша жер пайдалануға		шетелдік заңды тұлғаларға, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елу пайыздан асатын заңды тұлғаларға жалдау шарттарымен ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша жер пайдалануға	
7	8	9	10
барлығы	оның ішінде суаруға	барлығы	оның ішінде суаруға
200	1	1000	1
200	1	1000	1
200	1	1000	1
200	1	1000	1
200	1	1000	1
200	1	1000	1
200	1	1000	1
200	1	1000	1
200	1	1000	1
200	1	1000	1
200	1	1000	1
200	1	1000	1
200	1	1000	1
200	1	1000	1
200	1	400	1
200	1	1000	1